



Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №25 (1892) 19 МАУСЫМ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## Қазақстан - Әзірбайжан ынтымақтастығы: кеше, бүгін, ертең

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан – Әзірбайжан ынтымақтастығы: кеше, бүгін, ертең» атты ғылыми конференция өтті. Аукымды іс-шара Әзірбайжан Республикасының 3-ші президенті, әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер Гейдар Алиевтің 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды.



Шараға Әзірбайжан Республикасы Ұлттық Мәжілісінің Мәдениет комитетінің төрайымы, Әзірбайжан – Қазақстан парламентаралық байланыстары жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Ганира Алескерқызы Пашаева бастаған делегация арнайы келді. Делегация ҚазҰУ мұражайын, Жағдаяттық басқару орталығын аралап, Әл-Фараби кітапханасы мен Фараби мұражайымен танысты. Құрметті қонақтар Әзірбайжанның бұрынғы президенті Гейдар Әлиев пен әзірбайжан әдебиетінің классигі, жазушы Мір Жәлел Әли Пашаевтың өмірі мен қызметі туралы фото және кітап материалдарының көрмесін тамашалады. Делегация мүшелеріне ҚазҰУ-дың ғылыми жетістіктерінің көрмесі көрсетілді.

Конференцияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, Гейдар Әлиевтің түркі әлеміндегі ерекше еңбегін атап өтіп, қайраткер тұлғаның 100 жылдық мерейтойы Әзірбайжанда ғана емес, Қазақстанда да кеңінен атап өтілетінін айтты. «Гейдар Әлиевтің Қазақстан – Әзірбайжан арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға айрықша еңбек сіңірген. Қазақстан мен Әзірбайжан бауырлас халықтар. Біздің тарихымыз бен дініміз, мәдениетіміз ұқсас. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап екі елдің тығыз байланысы арта түсті. Әзірбайжан мен Қазақстан қарым-қатынасы

жаңа бағытта дамып келеді. Бүгінгі кездесулер осы ынтымағымыздың айқын көрінісі», – деді ҚазҰУ ректоры. Шара барысында Әзірбайжан Республикасы Ұлттық Мәжілісінің Мәдениет комитетінің төрайымы Ганира Пашаева «Әзірбайжан мен Қазақстанның өзара қарым-қатынасы: кеше, бүгін, болашақ» атты тақырыпта баяндама жасады. Екі елді тарих, саяси және мәдени берік қатынастар байланыстыруда. Мәселен, Абай – қазақтың ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ақыны, оған Гейдар Әлиев ерекше көзқараста болатын. Әзірбайжандар үшін қиын кезеңдерде оларды көрнекті ақын, қоғам қайраткері

Олжас Сүлейменов қолдап, бауырлас халықтың мүдделерін қорғауға атсалысты. «Бүгінгі таңда Әзірбайжан Қазақстан сияқты қарқынды дамып келе жатқан тәуелсіз мемлекет», – деп атап өтті Ганира Алескерқызы. Конференция барысында филология ғылымының докторы, профессор Нұрсұлу Шаймерденова қатысушылар назарына «Гейдар Әлиев және түркі әлемі» тақырыбында мазмұнды баяндама ұсынды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторы Илияс Қалымбетов «Қазақстан – Әзірбайжан дипломатиялық қатынастары» атты баяндама жасады.

Светлана ӨМИРФАЛИЕВА



Ганира ПАШАЕВА:  
Біз - түбі бір түркілерміз

2-бет



Әдіскер ұстаз

4-бет




Юбилей нашей газеты

6-бет

## Білікті кадрлар білім сапасын көтереді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (РОЭК) оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.



Жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Адами капиталды дамыту департаменті директорының орынбасары Ләззат Шонаева, жоғары оқу орындарының өкілдері, ҚазҰУ оқытушы-профессорлары қатысты.

Шараның негізгі мақсаты білім беру бағдарлама-

ларының іске асырылуын және кадрларды даярлау саласын талдау мен талқылауға бағытталды. Жиында сөз алған ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім және ғылым жүйесі түбегейлі реформа-

лауды талап етеді. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық. Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ. Бүгінгі білімді жастар ертең Қазақстанды алға жетелейтін мамандарға, кәсіпкерлерге, басшыларға айналады.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Huawei Technologies Kazakhstan компаниясының бас директоры Чжао Сюймен кездесіп, бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

лық жұмысы IT және телекоммуникация саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға, бірлескен білім беру бағдарламаларын жасауға,

## Huawei компаниясы сенімді серіктес



Университет ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарды қарсы ала отырып, ҚазҰУ Huawei компаниясымен тығыз байланыста жұмыс істейтінін атап

өтті. ынтымақтастық туралы келісім аясында ҚазҰУ базасында Huawei ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы ашылған болатын. Орта-

ғылыми зерттеулер жүргізуге және инновациялық өнімдер мен шешімдер шығаруға бағытталған.

Жалғасы 2-бетте

# Білікті кадрлар білім сапасын көтереді



Соңы. Басы 1-бетте

Сондықтан мен білім мәселесіне ерекше мән беремін» деген сөзін тілге тиек етті.

Өз сөзінде ҚазҰУ ректоры тұжырымдамада көрсетілген мәселелерді шешу елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына нақты үлес қосуға көмек беретінін атап өтті. «Аталған міндеттерді орындауда оқу-әдістемелік бірлестіктер маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орындары академиялық, ғылыми, әлеуметтік және басқа да өзекті мәселелерді бірлесіп талқылағаны абзал. Университеттер шетелдік серіктестер және сарапшылармен ортақ мақсаттарды

жүзеге асыру үшін тәжірибе алмасқаны жөн. Оқытушы ғалымдар нормативтік-құқықтық актілерге және басқа құжаттарға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы толық хабардар болуы тиіс», – деді университет басшысы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттерінің декандары кадрлар даярлаудың өзекті мәселелеріне қатысты баяндама жасап, өз ұсыныстарымен бөлісті. РОӘК бағдарламасы аясында «Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің белгісі бар оқу басылымдары» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



# Huawei компаниясы сенімді серіктес



Соңы. Басы 1-бетте

Өз сөзінде ректор ҚазҰУ Huawei компаниясымен серіктестікті одан әрі дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Өз кезегінде Huawei Technologies Kazakhstan компаниясының бас директоры Чжао Сюй жылы қабылдағаны үшін университет басшылығына ризашылығын білдіріп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын айтты.

Кездесу барысында тараптар өзара тиімді ынтымақтастық аясында жүзеге асырылатын бірқатар ұсыныстар мен бастамаларды талқылады.

Huawei Technologies Kazakhstan компаниясының өкілдері сапар барысында ҚазҰУ кампусын аралап, Әл-Фараби кітапханасында болды. Сондай-ақ университет ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалармен танысты.

**Гүл БАЯНДИНА**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Әзірбайжан Республикасының 3-ші президенті Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция аясында түркі әлеміне танымал жазушы Мір Жәлел Пашаевтың қазақ тіліне аударылған «Таулардың жүрегі» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапты әзірбайжан әдебиетінің классигі, жазушы, көрнекті ғалым-педагог Мір Жәлел Әли Пашаевтың 115 жылдық мерейтойына орай басып шығарды.

Шараға университет басшылығы, Әзірбайжан Республикасы Ұлттық Мәжілісі Мәдениет комитетінің төрайымы, Әзірбайжан – Қазақстан парламентаралық байланыстары жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Ганира Пашаева, шетелдік ғалымдар, Әзірбайжандан келген делегация мүшелері, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Тұсаукесер рәсінде университет басшысы Жансейіт Түймебаев Мір Жәлел Пашаевтың шығармашылық жолына тоқталды.

«Әзірбайжан әдебиетінің түркі әлемінде алатын орны ерекше. Жазушы Мір Жәлел Пашаев 30 жасында «Жігіт манифесі» атты әйгілі туындысымен ерекше танылды. Қаламгердің бұдан басқа, «Тірілгендер», «Қайда барамыз?», «Ашық кітап», «Менің құрдастарым», «Жаңа қала», «Ар соты», «Ар азабы», «Жасырынатын достар» атты роман, хикаяттары кең тараған. Мір Жәлел Пашаев – әдеби шығармашылықпен қатар,

# «Таулардың жүрегі»



ғылыми-педагогикалық салада елеулі жетістіктерге жеткен ғалым.

Педагогика, лингвистика, әдебиеттану салалары бойынша ғылыми еңбектер жазды. Түркі әлеміне ортақ қаламгердің шығармаларының қазақ тілінде жарық көруі – бауырлас, туыс елдердің әдеби, рухани байланысының айқын көрінісі», – деді ректор.

Өз кезегінде Әзірбайжан Рес-

публикасы Ұлттық Мәжілісі Мәдениет комитетінің төрайымы Ганира Пашаева сөз сөйлеп, ризашылығын білдірді.

«Мен қазақ тарихын зерттедім. Әзірбайжан мен қазақ зиялы

қауым өкілдері өте тығыз қарым-қатынаста болғанын білдім. Қазақ халқы көп зардапты бастан кешірді. Осы тұрғыда әзірбайжан халқы қазақтың тарихын білсін деген мақсатта «Бауырлас ел – Қазақстан» атты кітап жазып шықтым. Осындай рухани байланыстар арқылы ынтымағымыз арта берсін», – деді Ганира Пашаева.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Әзірбайжан Республикасының 3-ші президенті Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция аясында Әзірбайжан Республикасы Ұлттық Мәжілісі Мәдениет комитетінің төрайымы, Әзірбайжан – Қазақстан парламентаралық байланыстары жөніндегі жұмыс тобының мүшесі, профессор, доктор Ганира Пашаева көшбасшылық дәріс оқыды.

**Ганира ПАШАЕВА:**

# Біз – түбі бір түркілерміз

«Әзірбайжан – Қазақстан қатынастары: кеше, бүгін, ертең» тақырыбындағы дәріске Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, зиялы қауым өкілдері, Әзірбайжан Республикасынан келген делегация мүшелері, шетелдік ғалымдар, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Іс-шарада университет ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Қазақстан мен Әзірбайжан қарым-қатынасының маңызына тоқталды.

«Әзірбайжан – бізге маңызды және сенімді серіктес қана емес, бауырлас әрі жақын мемлекет. Біздің дініміз, тіліміз, мәдениетіміз бен тарихымыз ұқсас. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылдың 27 тамызында басталды. Сол уақыттан бастап екі елдің президенттері ұдайы екіжақты кездесулер өткізіп, түрлі халықаралық алаңдарда жиі кездесіп тұрады. 1993 жылы Баку қаласында Әзірбайжан – Қазақстан достық қоғамы құрылды. Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы ынтымақтастық бүгінде жаңа бағытта дамып келеді», – деді ректор.



Өз кезегінде Ганира Пашаева көшбасшылық дәрісінде Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы қарым-қатынасы туралы ойларын ортаға салып, қазақ халқына ақжарма тілегін жеткізді.

«Бізге Қазақстан бөтен ел емес. Біз – түбі бір түркілерміз. Біз Қазақстанға келсек, Әзірбайжанның бір қаласына келгендей боламыз. Себебі Қазақстанда өзімізді еркін сезінеміз. Географиялық жағынан бір-бірімізден алыс болсақ та, қанымыз бір, көңіліміз жақын. Халықтарымыздың арасындағы байланыс-

тың тарихы терең әрі біз әрдайым бір-бірімізге бауыр ретінде қараймыз. Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында көптеген құжаттарға қол қойылды. Қазіргі таңда екі мемлекет ара-

сындағы сауда-саттық, экономикалық қатынас пен рухани байланыстар күн санап артып келеді. Сондықтан біз Қазақстан мен Әзірбайжанды бір ұлт, екі мемлекет деп түсінеміз. Бір қаннан тараған екі мемлекет алдағы уақытта жақсы қарым-қатынаста болатынына сенімдіміз», – деді Ганира Пашаева.

Шара соңында университет ректоры Жансейіт Түймебаев Ганира Пашаеваны «Әл-Фараби» алтын медалімен марапаттады.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Топтық жұмыстың тиімділігі

Бүгінгі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесін жетілдіру арқылы әрбір азаматтың потенциалы жоғары, эрудициясы кең тұлға ретінде танылуында деңгейлік оқыту бағдарламасының маңызы орасан зор. Жаңа бағдарлама білім алушыларға оқытудың жеті модулін пайдалану арқылы оқыту мен оқудағы қазіргі заманауи әдіс-тәсілдерін қолдануға, бағалауға, өзін-өзі реттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ өздерінің арасындағы және оқытушы мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты орнатуға үйретеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерінің жетілуіне, дарынды балалардың қалыптасуына, оқу үдерісі кезінде және келешекте көшбасшылық қасиеттерінің артуына ықпал етеді.



сіне қарағанда маңыздылығы ерекше екенін айтқым келеді.

Топтық жұмысты жүзеге асыру барысында білімгерлер сабаққа белсене қатысады, ой-пікірді шыдамдылықпен тыңдайды, берілген тапсырманы орындау кезінде өзге білімгерлердің қате жауабына бірден кемшіліктерін айта салмай, сыйластықпен, түсіністікпен жауап қатып отырады. Яғни өз-өздеріне сыни тұрғыдан қарауға алғашқы қадам жасалынады, басқа топтан ерекшелену үшін әрқайсысы өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады. Білім алушылар өздерін еркін ұстай отырып, өз ойын еркін жеткізе біледі, ал еркіндік қашанда әр адамға қажетті қабілет. Сондай-ақ кейбір студенттер өздерін басқа қырынан да танытты, мысалы: постер қорғау кезінде көркемдік безендірудегі белсенділік, түйін сөз жасауда ақындық қасиет, шығармашылыққа жол ашылады. Сондықтан да мен шәкірттеріміздің келешегіне жауапты

оқытушы ретінде топтық жұмыстарды жүргізу кезінде жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді ескеріп, әр білімгердің тұлғалық қасиеттерін арттыруға баса назар аударамын.

Инновациялық технологияны тереңінен меңгерген, жаңа әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде тиімді қолдана білетін ұстаздар шәкірттерінің ойлау, пайымдау қабілеттерін арттырып, өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпал ете білуі тиіс. Ол үшін білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, кез келген жағдайға өзіндік көзқарасын білдіру үшін білім беруде сын тұрғысынан ойлауды енгізу қажет. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – елімізде қазіргі таңда білім беру жүйесінде өзіндік орнын алып үлгерген оқытудың модулі. Кез келген жағдайдан, әсіресе тығырыққа тірелген жағдайдан жылдам әрі сәтті шығу үшін сын тұрғысынан қарап, талдау жасап, анализ ұсыну қашанда өзекті. Бұл қасиеттерді тұлға бойына жастайынан қалыптастыру

барысында оқытушылар аналитик ретінде сындарлы оқыту бағдарламасымен жұмыс жүргізе алуы керек.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде басты рөлді оқытушы «сомдаса», қазіргі жаһандану заманында білім алушыға деген танымдық көзқарас өзгеріп, «білімгер үні» қағидасы қалыптасып, білім алушылар да «өзіндік рөлдерін» көрсетіп, белсенділік танытуда. Білімгерлердің ойлау деңгейі мен зерттеушілік қабілетін арттыруда, пәнді игеруге деген қызығушылығының жоғарылауына сын тұрғысынан ойлаудың орны ерекше. Бұл технологияның даму тарихы, қолданылу аясы тереңде жатыр. Көптеген атақты педагог ғалымдардың зерттеуі нәтижесінде оқу процесіне енгізілген аталған модуль бүгінде өз жемісін беруде.

Сын тұрғысынан ойлау негізінде білім алушылардың мотивациясының артуы, тәуелсіз әрекет етудегі белсенділіктің қалыптасуы, әрбір мәселені пайымдай алуы, тек пәнге қатысты емес, жан-жақты ойлана алуы, яғни басқа ғылымдармен сабақтастыра білуі, логикалық тұрғыда жүйелілікті пайда болуы, біліктілік пен дағдыларының қалыптасуы оқу-тәрбие үрдісінде әрқашан маңызды болмақ.

Қазіргі заман талабына сай, әр оқытушы өзінің кәсіби білімін үнемі шыңдап, қалыптасқан бір сарынды сабақтан гөрі заман ағымына сәйкес жаңа инновациялық технологияларды күнделікті пайдаланса, сабақ қызықты, көңілге қонымды әрі тиімді болатыны сөзсіз.

**Болатхан СЕРҒАЗЫҰЛЫ,**  
филология ғылымының кандидаты

## Жазғы мектеп аясындағы жоба

Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушылары Үндістанның Вишва Бхарати, Райгандж, Калькутта, Маулана Азат ұлттық урду университеттерінің студенттеріне таяуда «Қазақстан және Үндістан: мәдени-тарихи байланыстар» атты жазғы мектеп аясында екі апталық курс өткізді.

оқып, үндістандық студенттердің Қазақстан тарихы, мәдениеті, қазақ тіліне деген үлкен қызығушылығын оята білді.

Жазғы мектепті ұйымдастыру барысына қолдау көрсеткен Вишва Бхарати университетінің PhD докторы Абулла Мулла мырза дәріс оқыған оқытушылар: Д.Көкеева, З.Искакова, М.Пернеқұлова, А.Боранбаеваларға алғыс білдірді. Оқытушылар хинди, ағылшын, парсы тілдерінде дәріс оқып, әр дәрістің соңы сұрақ-жауап, пікір алмасуға ұласып отырды.

Жоғарыда аталған университеттердің студенттеріне курсты сәтті аяқтағандары үшін оларға факультет тарапынан сертификат табысталды. Алдағы уақытта да екі ел студенттеріне қысқа мерзімді онлайн академиялық курстар өтеді деп жоспарлануда.

**Бота БОКУЛЕВА,**  
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доцент м.а., PhD

Қазіргі ақпараттық технологиялардың дамуы және әлеуметтік желіні еркін пайдалану жастардың ой-санасына, жалпы, тәрбиесіне ықпалы зор екені баршамызға белгілі. Оның үстіне қазір жастар арасында қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың белең алуы қоғамды алаңдатып отыр.

## Рухани әңгіменің әсері мол

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің оқытушылары Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Көктөбе орта мектебі мен Есік қаласындағы Р.Тоқатаев атындағы орта мектебі оқушыларымен «Жастар мәдениеті және рухани құндылықтары» тақырыбында рухани кездесу өткізді. Кездесуге философия және саясаттану факультетінің С.Құдайбергенов, Е.Қошқарбаев, М.Алпысбай, Б.Аязбаева, Р.Сәрсембаев сынды мәдениеттанушы, дінтанушы, әлеуметтанушы, философ ғалым-оқытушылар барды.

Жиында ғалымдар оқушылармен жалпы руханият, рухани құндылықтар жайлы терең әңгімелесті. Басқосу барысында ғалым-ұстаз Р.Сәрсембаев қазіргі технократтық дәуірде адамзатқа рухани құндылықтар ауадай қажет екенін түсіндірсе, Е.Қошқарбаев философиялық ойлау мәдениетін қалыптастыру қоғамдағы бірқатар түйінді мәселелерді

қоғамдағы рөлі туралы оқушыларға әңгімелеп берді. Ал өзін жастардың рухани және ақпараттық мәдениеті туралы ой-пікірлерімен бөлістім.

Кеш соңында философия және



шешуге көмек беретіні жөнінде ойын ортаға салды. Ғалым-оқытушы С.Құдайбергенов «Мәдениеттану», «Исламтану», «Дінтану» мамандықтарының маңызы мен

саясаттану факультетінің атынан Көктөбе орта мектебінің директоры А.Талқамбаеваға алғыс хат табысталды.

Нәтижесінде ғалымдардың, зиялы қауым өкілдерінің жастар арасында осындай кездесулер мен әңгімелесулерді жиірек ұйымдастыру қажеттігін аңғардық.

**Мәрия МАЙЛЫҚҰТОВА,**  
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы



# Әдіскер ұстаз

Біздің университетте ешкімнің де еңбегі елеусіз қалған емес. Еңбек ұжымы, оқытушы-профессорлар құрамы үнемі сіңірген еңбегі мен атқарған қызметіне, білім беру үдерісіндегі рейтингтік көрсеткішіне қарай марапатталады. Мұндай қошемет пен қолдау жас мамандарға да, ардагер ұстаздар үшін де табысты еңбек етуге құлшынысты арттыратын жақсы үрдіс. Осы бір ізгілікті дәстүрден біздің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ұстаздары да тыс қалған емес. Әрқашан факультеттің үздік ондығында жүретін ардагер ұстаздарымыздың бірі – ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының мүшесі Айша Кәріпжанқызы.



Ұлағатты ұстаз еңбексүйгіштігімен, қоғам өміріне белсене араласатын нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде еңбек ұжымы, әріптестері, замандастары мен шәкірттерінің құрметіне бөленіп, абыройлы қызмет атқаруда. Өзінің саналы ғұмырын жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге, отандық тарих ғылымының дамуына сіңірген белсенді еңбегі мен ғылыми ізденістері, білім беру үдерісінде тың әдістемелерді қолдану шеберлігі Айша Кәріпжанқызының озық ойлы, өте қабілетті жан екенін көрсетеді.

Дана халқымыз адамды мінезіне, адами қасиеттеріне, азаматтық келбетіне қарап бағалаған ғой. Өзі жүрген ортасында ақжарқын, ісіне тиянақты, шаңырағында салиқалы отанасы Айша Кәріпжанқызы өз біліктілігі, кісілігі және кәсіби шеберлігімен белделді.

Айша Бегалиева 1979 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, 1985 жылы тарих және қоғамтану пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша аяқтады. 1977-80 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің жоғары оқу орындары мұғалімдерінің білім жетілдіру факультетінің деканатында методист қызметін атқарды. Ал 1980-93 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде қызмет істеді. Университет қабырғасында жүргенде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол, кәсіподақтың конференция, съездеріне делегат болып сайланды. 1993-97 жылдары Абай атындағы педагогикалық университетінің аспирантурасында оқып жүріп, 1993-2007 жылдары Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде аға оқытушы болды. 2007-09 жылдары Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында «Қазақстан тарихы» пәнінен дәріс берді. Сонымен қатар «Қазақ халқының тарихи этнографиясы деректері» атты

тақырыпта ғылыми жұмыспен айналысып жүр. Ол ұстаздық тәжірибесін және әдістемелік кәсіби білігін арттырып, үнемі ізденіп жүреді. 2009 жылдан бері жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде тарих пәнінің аға оқытушысы болып еңбек етіп келеді.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін шетелдік азаматтарға таныстыру шараларын өткізуге белсене қатысады. Қандас тыңдаушы жастар мен АИР тыңдаушыларына «Қазақстан тарихы» сабағында сапалы білім беру ісі және ғылымға қосқан үлесі, білім беру саласындағы кәсіби біліктілігі мен жетістіктері үшін университет, қалалық әкімшілік, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, Ауғанстан елшілігінің алғыс хаттарымен және «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 80 жыл» мерекелік медалі, Қазақстан педагогикалық ғылым академиясының «Үздік ұстаз» төсбелгісі, Ы.Алтынсарин атындағы медалі, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. 2018 жылы өмірбаяны Білім және ғылым энциклопедиясына «Қазақстан мақтанышы» болып енді.

Осы еңбек еткен жылдар ішінде Айша Кәріпжанқызы қандастар мен ауған топтары тыңдаушыларына арнап «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламаларын, аралық бақылау тест нұсқаулықтарын дайындады. «Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық», «Қазақстан тарихы» оқу құралы, әлеуметтік-тәрбие ісіне арналған әдістемелік талдама құрал және т.б. сол сияқты 200-ден астам ғылыми-әдістемелік, имидждік еңбектері отандық және АҚШ, Ресей, БАЭ, Қытай, Канада, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан секілді алыс-жақын шетелдердің баспасөз беттерінде және «Скопус» базасында индекстелетін импакт-факторы жоғары

ғылыми журналдарда екі мақаласы жарияланды. Тоғыз оқу құралы, екі әдістемелік нұсқаулық, екі оқу-әдістемелік оқу құралы, екі тәрбие ісіне арналған әдістемелік талдама құралының және үш монографияның авторы, серіктес авторы.

Университетте халықаралық деңгейде, республика аясында, университет ішінде өткен дөңгелек үстелге, онлайн-конференцияларға қатысушы әрі шараларды ұйымдастырушылардың бірі. Халық жазушысы Ш.Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына арналған «Шерхан Мұртазаның шығармашылығы әдеби контекст үдерісінде», «Тарих ғылымы және тарихи тұлғалар: жаһандану тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының, студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық конференциясының жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Сонымен қатар Өзбекстанда, ҚызҚазПУ-де өткен халықаралық конференцияларға қатысты. Алты ғылыми мақаласы ҚР БФСБК бекіткен журналдарда, бір ғылыми мақаласы «Высшее образование в России» журналында, бір мақаласы ағылшын тілінде және 40-қа жуық оқу-әдістемелік, имидждік мақалалары отандық және шетелдік баспасөзде, әлеуметтік желілерде жарық көрді. «Әл-Фараби – 2023» халықаралық олимпиадасының ұйымдастыру комитетінде жұмыс істеп, ұжымдық тест жинағын құрастыруға белсенді түрде атсалысқаны үшін университет ректоры Ж.Түймебаевтан алғыс хат алды.

Қорыта айтқанда, Айша Кәріпжанқызы үлкенге де, кішіге де сыйлы жан. Айша апай мұқтаж жандардан көмегін аямайды. Көмекке зәру білім алушыларға өз тарапынан шәкіртақы беріп, қолдау көрсетіп жүреді.

**Спатай САРТАЕВ,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының кандидаты

Мектеп түлектеріне кәсіби бағыт-бағдар беру, олардың мамандық таңдауына жол бастау, университеттегі мамандықтармен таныстыру жұмыстары қашанда маңызды. Осы мақсатта Философия кафедрасының оқытушы құрамы мен студенттері Алматы қаласындағы №174 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушыларымен кездесті.

## Философия мамандығына қызығушылық артуда



Кездесуде Философия кафедрасының аға оқытушылары Е.Қошқарбаев, Ж.Қазиева (аға куратор), магистрант Ж.Қаниятов, 2-курс студенті М.Ақанова талапкерлерге философия мамандығын таңдауға шақырды.

Көпшілік қоғам үшін философия ұғымы таныс екенін ескерсек, соңғы жылдары осы мамандыққа түсушілердің саны да артып отыр. Өйткені әмбебап, жаңаша әрі сыни ойлауға шақыратын бұл саланың аясында жұмыс істеу кеңістігі кең. Философия бойынша жоғары білім көптеген салалардың маманы болуға жол ашады. Мәселен, жоғары және арнаулы оқу орындарында философия, этика, логика және тағы басқа пәндердің оқытушылары; мемлекеттік қызметкерлер (қалалық, аудандық, облыстық әкімшіліктер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің аппараты); ғылыми-зерттеу институттарының, қоғамдық ұйымдардың және бизнес-құрылымдардың сараптау бөлімдерінің мамандары; медиа және бұқарамен байланыс бөлімдерінің қызметкерлері.

Мәселен, Ерболат Еркінұлы қазіргі қоғамдағы философия жайлы айтып өтті. Әсіресе заманауи кеңістіктегі түрлі мотивациялық шаралар, семинарлар, түрлі бестселлер (кітап), коучингтардың түп бастауы философиядан басталатынын, олардың тек философияға кіріспе екенін, нағыз философтар қайырымды, білімді, парасатты қоғам қалыптастыратынын баяндап берді. Ал магистрант Жәнібек Қаниятов талапкерлерге Философия кафедрасының академиялық мүмкіншіліктерін таныстырды. Қазіргі таңда кафедра әлемнің үздік ЖОО-ларымен әріптестік келісімшартпен белсенді жұмыс жүргізуде. Студент, магистрант, докторанттар әлемнің әр түкпіріндегі университеттерде оқу бағдарламасынан, тағылымдамалардан шеберліктерін шыңдауда.

Философия кафедрасы студенттердің оқу-білім бағдарламасынан бөлек, оларға қызықты орталықтар, үйірмелер мен клубтарда белсенді болуға шақырады. Мәселен, «Әл-Фараби орталығы»,



«Кіші Фараби академиясы», магистранттар мен докторанттардың ғылыми семинарлары, «Олег Борецкийдің кино клубы», «IDEA» жас философтардың ғылыми клубы және басқа да құрылымдар бар.

Сондай-ақ Философия кафедрасы Огайо штатының университеті (АҚШ), Техас технологиялық университеті (АҚШ), Беркли университеті (АҚШ), Оңтүстік Калифорния университетінің Философия мектебі (АҚШ), Ресей халықтар достығы университеті (Ресей, Мәскеу), Донгук университеті (Оңтүстік Корея, Сеул) және т.б. жоғары оқу орындарымен өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізген.

Шара аясында түлектер философия мамандығына, университетке, жалпы, қалашыққа қатысты түрлі сұрақтарын қойып, жауаптар алды. Іс-шара соңында №174 мектеп-гимназиясы директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Г.Шолпанбекова бірлесіп жасаған жұмысқа ризашылығын білдірді.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
Философия кафедрасының аға оқытушысы, PhD

**Қанат ТОҚТАРБЕКОВ,**  
философия ғылымының магистрі, Философия кафедрасының аға оқытушысы

# ҚазҰУ археологтерінің тың табысы

Қазіргі таңда Қазақстанның археология ғылымының алдында тұрған келелі міндеттердің бірі тарихи-мәдени мұраларымызды объективті тұрғыда зерделеп, ғылыми айналымға енгізуде екені сөзсіз. Тарихи сананың ұлттық тарихымызды танып-білуде маңызды орын алатынын ескерсек, бұл ретте археолог-ғалымдарымызға жүктелген міндеттер жеңіл болмасы анық. Еліміз егемендік алған жылдардан бастап тарихымыздың көптеген ақтаңдақ беттері ашылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бастады.



сол заманда-ақ тоналып кеткеніне қарамастан, тас жәшікте сақ жауынгері жерленгені анықталды.

Далалық ізденістердің келесі сатысы осы аудандағы аталған округтен басқа, Тарбағатай, Ақшатау ауылдық округтеріндегі археологиялық ескерткіштерді есепке алу, нақты орындарын анықтау, картаға түсіру болды. Нәтижесінде жаңадан қола дәуірінің, ерте темір және түркі дәуірлерінің отызға тарта қорымы, қонысы және петроглифтер тобы тіркелді. Осы өлкеде алғаш рет сақ патшалары мен ақсүйектері жерленген элитарлық қорғандар тобы анықталып, есепке алынды. Бұл жерде айта

кететін жайт, қорғандар оңай олжаны кәсіп еткен жергілікті халықтардың аяусыз тонауына түсуде. Бұл қорған, обалардың дені сол кездің өзінде тоналып кеткендіктен, біз, археологтер, өткен тарихымызды, ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, шаруашылығы және т.б. жайттардан там-тұмдаған мағлұмат алу үшін тоналғанын біле тұра, қазба жұмыстарын жүргізуге тура келеді.

Бұлардың барлығы да сол заманның өзінде-ақ тоналып кеткеніне қарамастан, қорғандардың архитектуралық құрылысын, ондағы табылған олжаларды зерттеу мен топтау мәдени-тарихи кезеңдерді түйіндеуге және

осы мәдениетті жасаған сақ тайпаларының даму деңгейін саралауға мүмкіндік туғызады. Алайда бұл археологиялық ескерткіштердің барлығы да осы уақытқа дейін өз қалпында жетпегенін ескергеннің өзінде, әлі де талай ғылыми құнды жаңалықтар өз ашылуын күтуде.

Ескерткіштің ірі көлемі жерленген адамның қоғамда өте жоғары мәртебеге ие болғанын дәлелдейді, оның басқа жұрттан ерекше артықшылығын көрсетеді. Сонымен қатар сақ дүниесі шеңберінде болған тығыз мәдени-шаруашылық байланыстар археологиялық материалдардан да анық көрініс береді. Осы ретте қорғандардың архитектуралық құрылысын, ондағы табылған олжаларды зерттеу мен топтау мәдени-тарихи кезеңдерді түйіндеуге және осы мәдениетті жасаған сақ тайпаларының даму деңгейін саралауға мүмкіндік туғызады.

Біздің жыл санауымызға дейінгі IX-VIII ғасырлармен мерзімделетін еліміздегі ең көне сақ қорғандарының бірінен табылған тың жәдігерлер ғылыми саралаудан өтіп, Семей қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды.

Табиғаты аса бай, тамаша археологиялық ескерткіштері бар Аягөз ауданындағы нақты ғылыми тұрғыдан алғандағы ауқымды зерттеулер биыл да үлкен жаңалықтарға толы ашылуларға бағыт алмақ.

**Фани ОМАРОВ,  
Бауыржан БЕСЕТАЕВ,**  
Археология, этнология және  
музеология кафедрасының аға  
оқытушылары

Осы негізде археологиялық ізденістер де жандана түсіп, отандық ғалым-археологтердің өз міндеттерін нағыз кәсіби дәрежеде атқарып, сүбелі үлес қосып отырғанын айта кеткен орынды. Дегенмен де аймақтық ерекшеліктерге байланысты басы ашылмаған мәселелер де өз шешімін күтуде. Жалпы, шығыс Сарыарқа археологиялық ескерткіштерінің хронологиялық диапазонының кеңдігімен ерекшеленеді. Сондай маңызды тақырыптардың бірі Абай облысы Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихының мәселесіне қатысты болмақ.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті жариялаған 2021-23 жылдарға арналған ғылыми жобалар аясында Қазақ ұлттық университетінің басшылығымен «Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының археологиялық ескерткіштері: пәнаралық зерттеу» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары аталған өлкеде өткен жылы басталды. Жобаның басты

мақсаты – Аягөз ауданындағы әр дәуірдің археологиялық ескерткіштерінің толық картасын жасау. Сонымен қатар мүмкіндігінше қола, ерте темір және түркі дәуірі тайпаларының жерлеу ғұрпы, салт-санасы мен дүниетанымына қатысты материалдарды жүйелеу, сараптау мақсатында жаңадан ашылған ескерткіштердің ішінен ерекше қызығушылық туғызатын қорған, қоршауларға қазба жұмыстарын жүргізу. Осы мәселелерді шешу жолында ҚазҰУ ұстаздары және ғылыми қызметкерлерден жасақталған Алтай археологиялық экспедициясы құрылып, оның құрамында студенттер тәжірибеден өтті. Болашақ археологтердің теориялық білімдеріне практикалық жағынан далалық жағдайда тәлім берді.

Биыл зерттеу жұмысы Мамырсу ауылдық округіне қарасты Бозай қорымындағы үш қорғанды жалағасты. Бұл қорғандардағы қарапайым екі жерлеу орнында ескерткіштің абсолютті мерзімін анықтайтын ешқандай зат табылмады, ал орташа келген қорғанда

**Алапат өрт барысында Семей орманы отқа оранды. Бұл өте өкінішті жағдай. Апаттан 15 адам қайтыс болып, 60 мың гектар орман өрт құшты. Осы ауыр жағдайға байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қара жамылған отбасыларға барып көңіл айтып, мемлекет тарапынан оларға көмек берілетінін жеткізді. Сонымен қатар 12 маусым «Жалпыұлттық аза тұту күні» болып жарияланды.**

## Орман өртінің экологияға зияны



фиялық тұрғыдан қорық аумағы Ертіс жазығы, Көкпекті-Шар таулары мен Шыңғыстау таулары шегінде орналасқан. Таспалы қарағайлы ормандар Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Бегенев, Бородулиха, Бөкебаев, Долон (жазық ормансыз), Жаңасемей, Канонер, Морозовский, Жаңа Шүлбі, Семей (жазық ормансыз) тармақтарының аумақтары дала зонасына жатады.

Аумағы мынадай өсімдік түрлерінің бірегей үйлесімімен сипатталады: дала, орман, шөл, бұталы, шалғынды және батпақты. Ертіс өңірінің ленталы ормандарында жоғары сатыдағы өсімдіктер флорасы 201 тұқымдас пен 61 тұқымдастың 344 түрі арқылы қалыптасқан. Флораның негізін ангиоспермділердің 340 түрі құрайды, оның ішінде: қос жарнақтылар – 80,59 пайыз (274 түр), біржарнақтылар – 19,41 пайыз (66 түр).

Қарағай, қайың және көктерек ормандарының далалық белдеуде орналасуы бұл аумақтың бірегей құбылысы болып саналады. Дала зонасында орманның болуы

судан, желден т.б. қорғайды және оның эстетикалық маңызы зор. Мұнда ормандар құмда және жерасты сулары жақын жерде кең тараған. Мұндай аумақтардың әдеттегі ландшафты – қарағай немесе көктерек-қайың ормандары мен құмды даланың кезектесуі.

Құстардың ішінде қараторғай, боз кекілік, дала қыраны, дала қаршығасы, суқоймаларында суда жүзетін құстар басым. Жарма тармағының аумағында арқар, сілеусін, қарақұйрық, суыр, қоңыр аю көптеп кездеседі.

Қорық аумағында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген жануарлар – қара ләйлек, аққу, қарақұйрық, бүркіт, аққұйрық, ақбас сұңқар, тырна, қарақұйрық, жылан жегіш, көк қаз, қасық тұмсық, арқар, қызыл құстар бар.

Қорық аймағында жеті отрядқа жататын балықтың 25 түрі бар. Қазақстанның Қызыл кітабына төрт түрі – таймен, нельма, сибір бекіресі және балқаш алабұғасы енген.

Осыншама табиғаты бай Семей орманының өртке орануы

өте өкінішті жағдай. Соңғы 10 жылда Қазақстан аумағында болған дүлей апаттардың хронологиясын, оның ішінде орман өрттеріне қатысты мәліметтерге шолу жасасақ, бұдан бес жыл бұрын да аталған орманды өрт шалғанын кестеден байқауға болады.

Орман өрті кезінде 1 тонна өсімдік жанғанда атмосфераға 125 келі көміртегі оксиді, 12 келі көмірсутек, 2 келі азот оксиді және 22 келі көмір шаңы бөлінеді. Түтін шығарындыларына әртүрлі токсиканттар, соның ішінде ауыр металдар мен жасанды радионуклидтер жатады. Ірі орман өрттерінде радонның апатты эманациясы орын алады, оның өнімдері радий изотоптары (RaA, RaB және RaC) болып табылады. Олар ондаған минут өмір сүреді, сондықтан жасанды радионуклидтермен, ауыр металдар және органикалық қосылыстармен бірге тыныстаған кезде орман өрттерін сөндірумен айналысатын мамандарды қорғау құралдарының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару қажет.

Семей орманында болған өрт салдарынан қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасыларына кафедра ұжымы атынан қайғыра көңіл айтамыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

**Картография және геоинформатика кафедрасының ұжымы**

Процесс	Облыс	Күн	Салдары
<b>2012 жыл</b>			
Орман өрті	Алматы	шілде	Медеу шатқалындағы Мохнатка тауындағы 21 гектар орман жойылды. Жергілікті флора мен фаунаны қалпына келтіру үшін кем дегенде 10-15 жыл қажет болады.
<b>2018 жыл</b>			
Орман өрті	«Семей орманы» резерваты	21 мамыр	300 гектардан астам орман жойылды. Өрттен келген шығын 78 млн теңгені құрады.

Төтенше жағдай дегеніміз – адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, адамның денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі ықтимал, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығынға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін апат, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай.

Қазақстан Республикасы аумағында мынадай апаттар болуы мүмкін: жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, сырғыма, дауыл, су тасқыны, бұрқасын, өрт. Осындай табиғи апаттардың бірі бүгінгі таңда өзіміз күе болып отырған Семей орманы өрттері. Жалпы, «Семей орманы» мемлекеттік орман қорығының ауданы – 654 179,8 гектар. Геогра-

# Юбилей нашей газеты

КазНУ – всегда был и сегодня остается флагманом вузов нашей страны. КазНУ – это первый вуз, вошедший в Топ-150 лучших университетов мира в глобальном рейтинге QS WUR. В этом году университетская газета «Qazag universiteti» отмечает 75-летний юбилей. Эта знаменательная дата дорога и для всех ученых университета. Ведь на ее страницах – вся университетская жизнь с его замечательными достижениями во всех сферах вуза.



Газеты «Qazag universiteti» в свое время возглавляли такие известные ученые как Шерияздан Елеукунов, Хайиржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Сагымбай Козыбаев, Дандай Ыскаков, Абдул-Хамид Мархабаев, Какен Хамзин. Каждый из них имел свой неповторимый стиль, оставил свой след в истории газеты. Конечно, быть редактором газеты после таких именитых ученых для меня было очень ответственно. Возглавить редакцию газеты «Qazag universiteti» мне довелось во время ее второго рождения, в середине 90-х годов прошлого века. Так получилось, что в конце 80-х годов все университетские газеты, которые выходили в вузах Алматы, объединили в одну общую – еженедельник «Өркен» – «Горизонт». Поэтому выпуск газеты «Qazag universiteti» прекратился. Но с обретением независимости, получением нового статуса КазНУ, стало ясно, что необходима своя собственная печатная трибуна. Поэтому было принято решение заново начать издание университетской газеты. А наладить ее выпуск было поручено факультету журна-

литети. Первые номера газеты приходилось выпускать с большими сложностями. Поначалу газета выходила раз в месяц самым маленьким форматом – обычный писчий листок бумаги на 8 страничках. Несмотря на эти временные сложности, редакции удавалось охватывать самые важнейшие события, происходящие в университете. Ведь жизнь в стенах ведущего вуза страны всегда кипела. Мы рассказывали о научных исследованиях и новых открытиях наших ведущих ученых, о новшествах, которые разрабатывали в ректорате, брали интервью на актуальные темы, поднимали животрепещущие проблемы, рассказывали о студенческой жизни. Газета выходила своевременно, повышался ее тираж. Газету «Qazag universiteti» с нетерпением ждали на факультетах и в подразделениях университета. Сначала мы управлялись совсем маленьким коллективом, много заметок и статей писали студенты факультета журналистики. Потом активнее начали приносить свои материалы преподаватели и сотрудники университета. Именно тогда «Qazag univer-

siteti» стала более активно публиковать материалы на казахском языке. Сложности с версткой, печатью и распространением газеты помогало решить руководство университета. Никаких цензурных запретов не было. Сегодня университетская газета значительно выросла и возмужала во всех планах. Теперь она находится в ряду республиканских изданий, печатается в типографиях в цвете, налажен четкий еженедельный выпуск, увеличился тираж. На ее страницах – весь kaleidoscope происходящих в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби, событий. Газета действительно держит руку на пульсе вузовской жизни.

В преддверии юбилея газеты 75 студентов кафедры журналистики Атырауского университета им. Х.Досмухамедова подписались на газету «Qazag universiteti», около 20 студентов летом пройдут в ней стажировку. В прошлом году шесть наших студентов прошли здесь свою производственную практику. Мы намерены и в дальнейшем продолжить наше творческое сотрудничество.

Поздравляю коллектив редакции газеты с 75-летием! Желаю, родной для меня газете «Qazag iniversiteti» неисчерпаемого задора, творческих успехов на нелегких дорогах журналистики, новых интересных тем и любви читателей. Современную жизнь невозможно представить без информации, а КазНУ – без университетской газеты.

**Маншук МУКАШЕВА,**

к.ф.н., асоц. профессор, зав. кафедры журналистики Атырауского университета им.

Х.Досмухамедова, академик Международной Евразийской академии телевидения и радио

Шаймерденова Нурсулу Жамалбековна – доктор филологических наук, профессор, почетный работник образования Республики Казахстан, директор Центра гуманитарных исследований Казахского многопрофильного института «Парасат», талантливый ученый, известный как в Казахстане, так и далеко за его пределами, русист. Она является учителем и наставником с большой буквы, которая успешно трудится на протяжении многих лет в сфере лингвистики.

## Ее труды будут актуальными во все времена



2011 г. В 2009 г. награждена медалью МОН РК «За вклад в развитие науки». Награждена Почетным знаком «За вклад в дело Дружбы». Наверное, нелегко быть женщиной, которая всегда на виду у всего народа. Ведь это будто всегда быть на сцене под светом ослепительных юпитеров. Тем не менее она отлич-

но справляется с этой ролью ученого-филолога, словно от природы предназначена для этого. Еще одна особая награда – медаль Пушкина указом Президента РФ. От имени Российского зарубежного центра при МИД РФ вручена благодарственная грамота за вклад в развитие русского языка и дружбы народов. Приказом МОН РК сказки писательницы Шаймерденовой Нурсулу Жамалбековны включены в перечень изучаемых произведений по школьной программе. Мы гордимся тем, что являемся современниками таких известных ученых – филологов как Нурсулу Жамалбековна. Для меня как руководителя образовательного центра очень важно изучение современных сказок, которые имеют очень высокий воспитательный потенциал для подрастающего поколения. Нурсулу Жамалбековна является образцом для молодых ученых женщин и для нас в том числе, поскольку, будучи представительницей прекрасного пола, нелегко быть значимой в обществе и найти свое призвание. С огромной уверенностью хочу отметить, что ее труды будут актуальными во все времена в истории науки.

Она является автором монографий, словарей, учебных пособий, автор типовых программ по базовым общелингвистическим курсам для филологических факультетов университетов: «Введение в славянскую филологию», «Старославянский язык», «Основы теории перевода» и др. Автор более 200 публикаций в Казахстане и за рубежом (Германии, Польше, России, Словении). Руководитель докторских и кандидатских диссертаций, ею подготовлено 35 соискателей, в том числе 9 докторов филологических наук. Результатом ее деятельности были изданы книги: «Страна изучаемого языка. Язык. Этнос. Культура» – работа представляет собой первый опыт учебно-методического комплекса, в котором проблемы языка рассматриваются в тесном взаимодействии с жизнью и культурой казахского народа.

Шаймерденова Н.Ж. – член Научно-экспертного совета при АНК, вице-президент Алматинской ассоциации антиковедов, член Казахстанского объединения преподавателей русского языка и литературы, вице-президент Казахстанской Ассоциации выпускников российских (советских) вузов. Высоко оценена деятельность Нурсулу Жамалбековны МОН РК, она является обладателем государственного гранта РК «Лучший преподаватель вуза» на 2007 г.,

**Сауле БЕГАЛИЕВА,**  
д.п.н., профессор  
кафедры  
Русская филология и  
мировая литература

Недавно в Казахском филиале Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова (г.Астана) состоялась Республиканская студенческая предметная олимпиада по специальности 5B020500 «Филология: русский язык». Цель олимпиады – выявление и развитие особых профессиональных способностей будущих специалистов, поддержка талантливой студенческой молодежи.

## Олимпийская победа!



к.филол.н., старший преподаватель Аманжолова Джемма, координатор-преподаватель Каиржанова Адия. Команда филологического факультета нашего университета продемонстрировала высокий уровень подготовки и достойно представила свой вуз на этой олимпиаде. По итогам олимпиады студенты филологического факультета КазНУ имени Аль-Фараби были удостоены высших наград. Так, в личном зачете Айтжанова Жанна стала абсолютным победителем, а Мельникова Анастасия вошла в число призеров, завоевав 3 место. В командном зачете наши студенты заняли 1 место, что дает право в следующем году провести предметную олимпиаду по специальности «Филология: русский язык» в стенах нашего вуза. Кроме того, в копилке у ребят 1 место в творческом конкурсе. Визитная карточка (видеофильм о КазНУ) команды завоевала симпатию как у жюри, так и у зрителей.

– Выражаем признательность руководству кафедры русской филологии и мировой литературы, а также всем преподавателям за подготовку к олимпиаде и организацию поездки. Отдельно благодарим спонсора команды – «Академию детской книги «ALTAIR» (г. Алматы). Всему оргкомитету Олимпиады, работу которого курировала заведующая кафедрой филологии профессор Власова Галина Ивановна, от лица команды КазНУ имени Аль-Фараби выражаем благодарность за отличную организацию мероприятия и теплый прием, – отметила руководитель университетской команды Джемма Аманжолова.

Участие в такого рода мероприятиях – это, безусловно, важный опыт для студентов. Поздравляем команду с победой и желаем студентам творческих успехов!

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

В олимпиаде, помимо студентов КазНУ им. Аль-Фараби, приняли участие студенты ЕНУ им. Л.Н.Гумилева (г. Астана), Южно-Казахстанского университета имени М.О.Ауэзова (г. Шымкент), Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова (г. Уральск), НАО «Торайгыров университет» (г. Павлодар) и Казахстанского филиала МГУ им. М.В.Ломоносова (г. Астана).

Олимпиада прошла в три тура:

**I тур** – письменное задание по русскому языку: комплексный лингвистический анализ текста, исторический комментарий текста;

**II тур** – письменное задание по литературе: сравнительный анализ поэтических текстов русской литературы и ответ на вопрос по теории литературы.

**III тур** – домашнее задание: творческий конкурс «Визитка» предполагает презентацию своей alma mater.

Нашу альма-матер представили студенты 3 курса Айтжанова Жанна, Балмаганбет Мадихан и Мельникова Анастасия, руководитель команды –



# «Ғылыми тарих» терең зерттеуді қажет етеді

Білім мен ғылымның адамзат тарихындағы маңызы жайлы әлемнің ұлы тұлғалары ықылым заманнан бері айтып, жазып, мұра етіп қалдырып келе жатыр. Қазіргі таңда да білім мен ғылымның қоғамдағы рөлі кеміген емес, керісінше, арта түсіп, жаһандық әрі халықаралық сипат алуда. Бүгінде әрбір беделді білім мен ғылым ордасы осы талапқа сай, жан-жақты білімді және өз мамандығының шебері болатын тұлғаны дайындап шығаруға күш салуда. Қазақ еліне көрнекті ғалымдар, қоғам қайраткерлерін, бірегей мамандарды даярлайтын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі әрі жас маманы болу біз үшін мақтаныш және үлкен жауапкершілік.

Мен 2008 жылы университетіміздің Е.Бекмаханов, А.Нұрпейісов, Д.Дулатова сияқты елеулі тарихшылардың білім мен ғылым шаңырағы болған тарих, археология және этнология факультетінің «Ғылыми тарих» мамандығының студенті ретінде табалдырығын аттадым. Тарих факультетінің бірегей академиялық ортасы, жылдар бойы қалыптасқан ғылыми мектебі мен тәжірибесі маған нақ таңдау жасауға көмектесіп, «иненен құдық қазу» жолына түсуіме себепші болды. Сонымен, ҚазҰУ-дың қабырғасында магистратура, докторантура деңгейлерінде білім алып, оқытушы ретінде тәжірибеден өтіп, қазір жас ғалымдар қатарында сүйікті университетіме қызметімді жалғастырудамын. Ұлы дана Абай Құнанбайұлы айтқандай, «Адамның кәсілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға ме-

йірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды». Осы қанатты сөз мен үшін ғылым жолындағы ұстанымыма айналғандай болып, үнемі ізденіс пен даму жолында өзімді сынауға итермеледі. Бұл жолда шет тілін үйрену, ғылымы жақсы дамыған өркениетті елдерде білімді шыңдап, тәжірибеден өту аса маңызды екені анық. Осы орайда, өзім 2013 жылы Оңтүстік Кореядағы Донггук университетінде тәжірибеден өтіп, «Тарихи мұраларды сақтауға» арналған жазғы мектепке қатыстым; 2018 жылы АҚШ-тың Невада штатындағы Лас-Вегас университетінде ғылыми тағылымдамадан өттім; 2019 жылы Ресей қаласындағы Оренбург мемлекеттік педагогикалық университетінде фундаменталды зерттеулердің Ресей фонды грантының иегері ретінде тәжірибе алмастым; ал қазіргі таңда АҚШ-тың Пенсильвания штатындағы



Питтсбург университетінде «Болашақ» бағдарламасы аясында ғылыми тәжірибеден өтудемін. Бұл бастамаларымен мен халықаралық деңгейдегі ғалым болуға ұмтылысымда ұлттық университетіміз және жанашыр ұстаздарымның қолдауы зор болды.

Әрине, «ғалым» деген үлкен атаққа ие болу жолында бізге әлі де көп еңбек пен өжеттілік қажеті анық. Дегенмен бірнеше ғылыми жобаларда белсенді атсалысып, «Әл-Фараби университетінің үздік жас ғалымы» (2020), «Қазақстан Республикасының дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендиясының иегері»

(2021), «Жас ғалым» ғылыми жоба грантының иегері атануым ұзақ ғылыми жолдың бастауы ғана деп есептеймін.

Ерекше атап өтетінім, жаһандық ғалым болу үшін халықаралық аренада бағаланатын жоғары білім мен потенциалдан басқа, патриоттық рух пен мемлекетімізге қызмет ету ықтиярлығы да өте қажет. Осыған орай, ҚазҰУ ұстаздары бізге қазақтың ұлы тұлғасы, көрнекті ғалым Әлихан Бөкейханов мұра етіп қалдырған «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден» деген қағидасын сіңіріп, бізді ұлтжанды тұлға ретінде де қалыптастырды

деп сеніммен тұжырым жасай аламын. Бұл бағытта тіпті әлеуметтік зерттеулер де дәлел жасай алады. Мысалы, атақты әлеуметтанушы П.Бурдьенің тұжырымы бойынша адам білім алып, ғылыммен айналысқан уақытында оның психологиялық құралдары, яғни тілі, белгі жүйесі, тәртіп моделі мен шешім қабылдау жүйесі – барлығы да тұлғаның елінің мәдениетімен тікелей байланысты. Ал білім болса әлеуметтік, тілдік және мәдени капиталдың өзегі болып табылады. Яғни ғылымның қаншалықты жаһандандып келеуіне қарамастан, адамның туған өлкесі, мәдениеті, ғалым болып қалыптасқандағы академиялық ортасы үнемі оның бойында сақталады, оған қызмет етеді.

Қорытындылай келгенде, менің студенттен бастап, ғалымдық жолымда, ондағы жетістіктерім мен ізденістерімде білімге, ғылымға баулуда, маман болып қалыптасуыма бағыт беруде, тіпті меңгерген ғылымды ел мүддесіне пайдалануда құралдар қалыптастыруда Қазақ ұлттық университетінің рөлі зор болды. Сол үшін университетімізге мың алғыс!

**Ұлжан ЖАНГЕЛДІҚЫЗЫ,**  
Дүниежүзі тарихы,  
тарихнама және деректану  
кафедрасының  
аға оқытушысы, PhD

## Жастар болашақ кітапханалар жобасын ұсынды

Әл-Фараби кітапханасында Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы «Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығы оқытушыларының ұйымдастыруымен жоғары оқу орындары студенттері арасында «6B03205» – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша XV республикалық пәндік олимпиада өтті.



Мәселен, Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің намысын қорғаған «Smart girls» тобы қазіргі қоғам мәселелерін зерттеп, оның ішінде мектеп оқушыларының соңғы жылдарда жоғалып кету көрсеткішінің артуына және әлімжеттіктің асқинуына байланысты «GPS Кітап» жобасын ұсынды. Ал «Фараби Эверест» тобы библиотерапияның адам өміріндегі маңызын айқын көрсетті. Ал «Book lovers», «Рухани жолсерік» топтары кітапханалық ақпараттық жүйелердегі кітапханашының мәртебесін жоғарылату және кітапханашыларды тек бір кәсіби бағытта емес, сонымен қатар әлеуметтік медиа-маркетолог маманы, мобилограф, IT технология салалары бойынша да толықтай білім игерілуі қажет деп қорытындылады.

Әділқазылардың шешімі бойынша 1-орынды Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің намысын қорғаған «Рухани жолсерік» тобы иеленді,

Қазақ ұлттық университетінің студенттері 2-орында тұрақтады, ал Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің және Қыздар педагогикалық университетінің студенттері 3-орынды иеленді.

Олимпиада қорытындысында қатысушылар мен топ жетекшілеріне ҚазҰУ кітапханасы мен қалашығына арнайы экскурсия ұйымдастырылды. Осындай саяйыстардың жиі өтуі нәтижесінде студенттердің білімін шыңдайтын анық және жоғары оқу орындарындағы кітапхана ісі мамандығының құндылығын ұғына түстік.

**Б.АСАНОВА,**  
Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

**У.ЖАПСАРБАЙ,**  
«Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының 1-курс магистранты

Биотехнология кафедрасында «6B05103 – Биотехнология» және «6B05101 – Биологиялық инженерия» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 3-курс студенттері өндірістік практика бағдарламасына сәйкес, «Caspien-Bewerage Holding» АҚ өндіріс орнына экскурсияға барды.

## Өндіріс орнына саяхат

Экскурсия мақсаты – кәсіпорында шығарылатын алкогольсіз сусындарды өндірудің биотехнологиялық сатыларын игеру.

Экскурсия барысында өндірістік департаменттің бас технологі Светлана Кобец студенттерге арнайы басқарумен жүргізілетін автоматтандырылған күрделі технологиялық процестерді және олардың сатыларын жан-жақты баяндады. Сонымен қатар өндіріс орны және оның ішкі құрылымының ұйымдастырылуы, қолданылатын заманауи аппараттар мен құрал-жабдықтардың түрлері, шикізат көздері және оларға қойылатын талаптар бойынша ақпарат берді. Студенттер табиғи шикізат көздерінен тұратын, консервантсыз «Нағыз Буратино» лимонадының рецептурасы мен дайындау технологиясын көрді. Өнімнің негізгі компоненті – суды тазарту жолдары (белсендірілген көмір және құм сүзгілерінен өткізу, бактерицидті лампалармен зарарсыздандыру), табиғи шикізат көзінен шәрбат дайындау, негізгі компонентке қант шәрбаты мен басқа да дәм беретін құнды ингредиенттерді қосып араластыру, құтыларға бөліп құю және карбонизациялау процесімен танысты. Өнімнің құрамы мен сапасын және тазалығын бақылау, этикетка жапсыру, тауарды брикеттерге бекіту және орау сатылары толық көрсетілді. Қорыта айтқанда, студенттер



«6B05103 – Биотехнология» және «6B05101 – Биологиялық инженерия» білім беру бағдарламаларын қамтитын пререквезиттер мен постреквезиттер (биотехнология нысандары, процестер мен аппараттар, биотехнология негіздері, тағамдық биотехнология, өндіріс орнын жобалау және ұйымдастыру, өнім сапасын микробиологиялық бағалау және т.б.) бойынша алған теориялық білімін практика жүзінде пысықтап толықтыруға мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда мемлекеттік талапқа сәйкес, білім және ғылым салаларын өндіріспен ұштастыру және биотехнология саласы бойынша білікті мамандарды дайындау бағытында өз үлесін қосып жүрген «Caspien-Bewerage Holding» АҚ ұжымына Биотехнология кафедрасы атынан алғыс білдіреміз.

**Салтанат АСРАНДИНА,**  
Биотехнология кафедрасының доценті, б.ғ.к.

# Жеңіс тұғырында – бадминтон құрамасы

Ақтау қаласында ҚР ЖОО студенттері арасында өтіп жатқан XII жазғы универсиада ойындарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бадминтоннан құрама командасы алтын медаль ұтып алды.



Аружан Амангелдина университет намысын қорғады.

Осылайша құрама команда жалпы есепте үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі 1-орынды жеңіп алды. Бұл спорт түрінен команданың жаттықтырушысы

– ҚазҰУ спорт клубының оқытушысы Раушан Заурбекова.

Бүгінде аталған спорттық шараға еліміздің 55 жоғары оқу орнынан 3000 студент қатысуда. Олардың барлығы 17 спорт түрінен сайысқа түсуде.

Дүбірлі додада ерлер арасындағы жарыста құрама команда атынан философия және саясаттану факультетінің 1-курс студенті Илья Маликов, ақпараттық технологиялар факультетінің 1-курс студенті Наир Райан, механика-математика факультетінің 3-курс студенті Алпысбай Шыңғарсынға түсті.

Ал қыздар арасындағы сайыста заң факультетінің 3-курс студенті Айжан Күзтаева, шығыстану факультетінің 2-курс магистранты Әйгерім Жақай мен осы факультеттің 3-курс студенті

# Баскетболшы қыздар топ жарды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Squirrels KazNU» студенттік әйелдер құрама командасы Ақтау қаласында өтіп жатқан 3x3 баскетболдан XII жазғы универсиада жеңімпазы атанды.



Дүниежүзілік универсиада бағдарламасына енгізілген негізгі спорт түрлері таңдалды. Барлық спорттық жарыстар Ақтау қаласында өтеді. Ұйымдастырушылардың айтуына карағанда, қыздар арасында-

ғы баскетбол жарысы жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар жеңіске деген күш-жігерін көрсетті. ҚазҰУ жалпыкомандалық есепте 1-орында келеді.

Гүлзат ҚАПАНОВА



## «QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1.** Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.

**1.2.** Конкурсқа еліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.

**1.3.** Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.

**1.4.** Конкурсқа келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған әділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

### 2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

**2.1.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық өлеуетін арттыру.

**2.2.** Конкурсқа арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтпен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

**2.3.** Конкурсқа арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурсқа» деген айдармен жіберілуі қажет.

### 3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**3.1.** Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.

**3.2.** Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп танылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүлделер тапсырылады.

**3.3.** Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

#### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

#### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.